3)	<p>Облигациялық бағдарламаның аясындағы облигациялардың барлық алдыңғы шығарылымдары туралы мәліметтер (осы облигациялық бағдарламаның аясындағы әрбір шығарылым бойынша жеке), оның ішінде:</p> <p>қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органда (бұдан әрі - уәкілетті орган) облигациялар шығарылымын тіркеу күні</p> <p>облигациялардың саны мен түрі</p> <p>номиналды құны бойынша шығарылым көлемі</p> <p>орналастырылған шығарылым облигацияларының саны</p> <p>облигацияларды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі</p> <p>облигациялардың осы шығарылымы бойынша есептелген және төленген сыйақы сомасы</p> <p>сатып алынған облигациялардың саны оларды сатып алыну күнін көрсетумен</p> <p>облигациялар бойынша сыйақыны төлемеу (төлеуді кешіктіру), облигациялар бойынша есептелген, бірақ төленбеген сыйақы сомасы, орындалмаған міндеттемелердің мөлшері және оларды орындаудың мерзімі туралы ақпаратты қоса алғанда, Эмитенттің облигацияларды ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындамау фактілері туралы мәліметтер</p>	<p>Үшінші облигациялық бағдарламаның аясындағы облигациялардың Бірінші шығарылымы – Sberb10, KZ2C00003218.</p> <p>2015 жылғы 6 сәуір</p> <p>50 000 000 000,00 (елу миллиард) атаулы купондық облигациялар</p> <p>50 000 000 000,00 (елу миллиард) теңге</p> <p>20 977 697 000 (жиырма миллиард тоғыз жүз жетпіс жеті миллион алты жүз тоқсан ежеті мың) дана</p> <p>21 359 538 196,06 (жиырма бір миллиард үш жүз елу тоғыз миллион бес жүз отыз сегіз мың жүз тоқсан алты) теңге 06 тиын.</p> <p>3 461 320 005,00 (үш миллиард төрт жүз алпыс бір миллион үш жүз жиырма мың бес) теңге.</p> <p>Эмитент облигацияларды кері сатып алған жоқ.</p> <p>Эмитенттің облигация ұстаушылардың алдындағы өз міндеттемелерін орындамау фактілері жоқ.</p> <p>көрсетілген шығарылымның облигацияларын орналастыруды және айналысын тоқтата тұру (қайта бастау) фактілері жоқ</p>



	<p>егер облигациялар шығарылымын орналастыру не айналысқа жіберу тоқтатыла тұрған (қайта басталған) жағдайда, осындай шешімдерді қабылдаған мемлекеттік орган, оларды қабылдаудың негізі мен күні көрсетіледі</p> <p>сауда-саттықты ұйымдастырушылардың атауларын қоса алғанда, облигациялар айналысқа түсетін нарықтар</p> <p>егер облигациялар айналыста болған жағдайда, облигациялармен олардың ұстаушыларына берілетін құқықтар, оның ішінде шектеулер (ковенанттар) бұзылған кезде өткізілген және ұстаушылардың осы құқықтарын іске асыру тәртібі көрсетілген, ұстаушылармен жасалған облигацияларды сатып алу-сату шарттарында көзделген құқықтар.</p> <p>қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органда (бұдан әрі - уәкілетті орган) облигациялар шығарылымын тіркеу күні</p> <p>қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органда (бұдан әрі - уәкілетті орган) облигациялар шығарылымын тіркеу күні</p>	<p>ұйымдастырылған нарық, сауда-саттықты ұйымдастырушы «Қазақстан қор биржасы» АҚ</p> <p>Бұл облигациялардың айналыс мерзімі аяқталды. Эмитенттің бұрын шығарылған облигацияларының шеңберінде облигацияларды ұстаушылармен жасалған бағалы қағаздарды сатып алу – сату шарттарының қабылданған шектеулері (ковенанттары) бұзылған жоқ.</p> <p>Үшінші облигациялық бағдарламаның аясындағы облигациялардың Екінші шығарылымы - BERKb11, KZ2C00003200.</p> <p>2015 жылғы 6 сәуір</p> <p>Үшінші облигациялық бағдарламаның аясындағы облигациялардың Екінші шығарылымы аясында облигациялар орналастырылған жоқ.</p> <p>Үшінші облигациялық бағдарламаның аясындағы облигациялардың Екінші шығарылымы - BERKb12, KZ2D00006913.</p> <p>2020 жылғы 14 тамыз</p> <p>Үшінші облигациялық бағдарламаның аясындағы облигациялардың Үшінші шығарылымы аясында облигациялар орналастырылған жоқ.</p>
--	--	--

3. Облигациялар шығару туралы мәліметтер

1)	Облигациялар түрі:	Атаулы реттелген купондық қамтамасыз етусіз облигациялар
2)	Бір облигацияның номиналды құны (егер бір облигацияның номиналды құны индекстелген шама болса, онда бір облигацияның номиналды құнын есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі)	1,0 (бір) теңге
3)	Шығарылатын облигациялар саны	40 000 000 000 (қырық миллиард) дана
4)	Облигациялар шығарылмының жалпы көлемі:	40 000 000 000 (қырық миллиард) теңге
5)	Облигацияның номиналды құнының валютасы, облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы төлемінің валютасы	Облигацияның номиналды құнының валютасы, облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы төлемінің валютасы болып Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы (теңге) табылады.



	<p>Барлық төлемдерді Эмитент қолма-қол ақшасыз тәртіппен Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында (теңге) жүзеге асырады.</p> <p>Егер облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылған жағдайда, облигацияларды ұстаушыда Қазақстан Республикасының аумағында ашылған теңгедегі банктік шоты болса облигациялар бойынша сыйақы төлеу теңгеде жүзеге асырылады.</p> <p>Эмитент облигацияларды ұстаушы-Қазақстан Республикасының бейрезидентінен тиісті төлем күнінен кем дегенде 5 (бес) жұмыс күні бұрын тиісті жазбаша өтініш алған жағдайда облигацияның номиналды құнын және/немесе сыйақыны төлеуді жүзеге асырған кезде теңгені өзге валютаға (тек АҚШ доллары мен Еуро) айырбастауға жол беріледі. Аталған айырбастау төлемді жүзеге асыру күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша жүзеге асырылады.</p> <p>Облигациялар бойынша төлемдерді жүзеге асырған кезде теңгені өзге валютаға (тек АҚШ доллары мен Еуро) облигацияларды ұстаушы-Қазақстан Республикасының резидентінің пайдасына айырбастауға жол берілмейді.</p> <p>Эмитенттің айырбастау кезінде туындаған шығындарын облигацияларды ұстаушы-Қазақстан Республикасының бейрезидентіне аударылуға жататын сомадан ұстап қалады.</p>
--	--

4. Орналастырылған облигацияларды төлеу әдісі.

Облигациялар қолма-қол ақшасыз түрде ақшалай теңгемен төленеді.

5. Облигациялар бойынша кіріс алу.

1)	Облигациялар бойынша негізгі сыйақы және болған жағдайда, қосымша сыйақы мөлшерлемесінің өлшемі. Облигациялар бойынша қосымша сыйақыны алу тәуелді жағдайдың орын алуы немесе орын алмауы туралы ақпарат көзін көрсете отырып, қосымша сыйақы төленген жағдайда облигациялар бойынша қосымша сыйақы мөлшерін анықтау тәртібі көрсетіледі.	Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі айналыстың бүкіл мерзіміне тіркелген болып табылады және облигацияның номиналды құнының жылдық 0,01% (нөл бүтін жүзден бір пайызды) құрайды. Облигациялар бойынша қосымша сыйақыны төлеу көзделмеген.
2)	Сыйақы төлеу кезеңділігі және (немесе) облигациялар бойынша сыйақы төлеу күні	Сыйақыны төлеу облигациялар айналысы басталған күннен бастап облигациялар айналысының бүкіл мерзімінің ішінде әр 12 (он екі) ай сайын, облигациялар айналысының бүкіл мерзімінің ішінде жылына 1 (бір) рет жүргізіледі.
3)	Облигациялар бойынша сыйақыны есептеу басталатын күн	Облигациялар бойынша сыйақыны есептеу облигациялар айналысы басталған күннен басталады және облигациялар айналысының бүкіл мерзімінің ішінде



		<p>айналыстың бірінші күнінен соңғы күніне дейін жүзеге асырылады.</p> <p>Облигацияларды орналастыру бойынша бірінші өткізілген сауда-саттықтың қорытындылары бойынша айқындалған облигациялар айналысының басталу күні туралы ақпарат «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми сайтында www.kase.kz жарияланатын болады.</p>
4)	Облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен шарттары, облигациялар бойынша сыйақы алу тәсілі	<p>Сыйақы оны алуға құқығы бар және сыйақы төлемдері жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басында («Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ орналасқан жердегі уақыт бойынша) (бұдан әрі - «Тіркеу күні») Эмитенттің бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдері жүйесінде тіркелген тұлғаларға төленеді.</p> <p>Сыйақыны төлеу Тіркелген күннен кейінгі күннен бастап күнгізбелік 10 (он) күннің ішінде облигацияларды ұстаушылар тізілімінде тіркелген облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарына ақша (теңгемен) аудару арқылы жүзеге асырылады.</p> <p>Төлем күніне сыйақы номиналды құнның және купондық сыйақының жылдық мөлшерлемесінің туындысы ретінде есептеледі.</p> <p>Үтірден кейінгі белгілер саны және дөңгелектеу әдісі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықталады.</p> <p>Сыйақының соңғы төлемі облигациялар бойынша борыштың негізгі сомасын төлеумен бір мезгілде жүргізіледі.</p>
5)	Облигациялар бойынша сыйақыны есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі	Облигациялар бойынша сыйақы төлеу Actual/Actual уақытша базаның есебінен жүргізіледі.

6. Арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығару кезінде жобалық қаржыландыруда қосымша көрсетіледі:

1)	Ақшалай талаптардың сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақша түсімінің шарттары мен болжамды мерзімдері	Қолданылмайды
2)	Облигацияларды ұстаушыларға меншік иесін базалық шарт бойынша құрылған мүлікке ауыстыру туралы, кредиторлар өкілдерін арнаулы қаржы компаниясының органдарына енгізу және олардың өкілеттіктері туралы ақпарат беру тәртібі	
3)	Бөлінген активтер есебінен жүзеге асырылатын жобалық қаржыландыру мәмілесіне және активтерді инвестициялық басқаруға қызмет көрсетуге байланысты арнайы қаржы	



	компаниясының шығыстарының тізбесі.	
4)	Сыйақы төлеу және бір облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған түрлі шығарылымдардың облигацияларын өтеу тәртібі мен кезектілігі (жеке меморандумда облигациялық бағдарлама шегінде көрсетіледі)	
5)	Арнайы қаржы компаниясының банкроттығы кезінде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын ұстаушылардың талаптарын қанағаттандыру тәртібі мен кезектілігі.	

7. Секьюритилендіру кезінде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығару кезінде қосымша көрсетіледі:

1)	Оригинатордың, кастодиан-банктің, инвестициялық портфельді басқарушының, арнайы қаржы компаниясының және берілген талап ету құқықтары бойынша төлемдер жинауды жүзеге асыратын тұлғаның атауы және орналасқан жері	Қолданылмайды
2)	Қызмет мәні, оригинатордың секьюритилендіру мәмілесіндегі құқықтары мен міндеттері	
3)	Бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақша түсімінің талаптары, шарттары, тәртібі мен мерзімдерінің сипаттамасы және олардың орындалуына бақылауды жүзеге асыру тәртібі	
4)	Бөлінген активтер бойынша уақытша еркін түсімдерді инвестициялау тәртібі	
5)	Талап ету құқықтарының біртектілік критерийлері	
6)	Сыйақы төлеу және бір облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған түрлі шығарылымдардың облигацияларын өтеу тәртібі мен кезектілігі	
7)	Арнайы қаржы компаниясының банкроттығы кезінде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын ұстаушылардың талаптарын қанағаттандыру тәртібі мен кезектілігі.	

8. Облигацияларды орналастыру шарттары мен тәртібі:

1)	Облигацияларды орналастырудың басталу күні	Облигацияларды орналастырудың басталу күні болып, облигациялар айналысының басталу күні табылады. Банк немесе сол арқылы банк бақылауды жүзеге асыра алатын немесе оның қызметіне қомақты түрде ықпал ете алатын ерекше қатынастармен байланысты тұлға тура банк ретінде осы облигацияларды сатып алу үшін
----	--	--



		қаржыландыруды тікелей немесе жанама жүзеге асыра алмайтыны сияқты құралды сатып алуға құқылы емес.
2)	Облигацияларды орналастырудың аяқталу күні:	Облигацияларды айналысының аяқталу күні («Айналыстың аяқталу күні») 15.12.2032 ж. қоса алғанда, облигациялар айналысы мерзімінің соңғы күні болып саналады.
3)	Облигацияларды орналастыру жоспарланатын нарық (ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығы).	Облигацияларды ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығына орналастыру жоспарлануда.

9. Облигациялардың айналыс шарттары мен тәртібі:

1)	Айналыстың басталу күні	Облигацияларды «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі ережелеріне сәйкес орналастыру бойынша бірінші сауда саттық өткізілген күн облигациялар айналысының басталу күні болып табылады. Бірінші өткізілген саудасаттықты өткізудің қорытындылары бойынша айқындалған облигациялар айналысының басталу күні туралы ақпарат Эмитенттің ресми сайтында (www.berekebank.kz) және «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми сайтында (http://www.kase.kz) жарияланатын болады.
2)	Облигацияларды айналысының аяқталу күні	Облигацияларды айналысының аяқталу күні («Айналыстың аяқталу күні») 15.12.2032 ж. қоса алғанда, облигациялар айналысы мерзімінің соңғы күні болып саналады.
3)	Облигациялардың айналым мерзімі	Облигациялар айналысы басталған күннен бастап 15.12.2032 ж. дейін, қоса алғанда (9 жылдан астам)
4)	Облигациялардың айналым мерзімі (облигациялар мерзімсіз шығарылған жағдайда толтырылмайды)	Облигациялар ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында айналысқа түседі.

10. Облигациялардың өтеу шарттары мен тәртібі:

1)	Облигацияларды өтеу күні	Облигацияларды өтеу облигациялардың айналысы кезеңінің соңғы күнінен кейінгі қоса алғандағы күнтізбелік 10 (он) күннің ішінде жүргізіледі
2)	Облигацияларды өтеу әдісі	Облигациялар соңғы купондық сыйақыны бір мезгілде төлей отырып, облигациялардың айналым мерзімінің соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша облигациялар ұстаушылардың тізілімінде тіркелген облигациялар ұстаушылардың банктік шоттарына ақша аудару (теңгеде) арқылы облигациялардың номиналды құны бойынша өтеледі. Барлық төлемдер – сыйақыны төлеу мен облигацияларды өтеуді Эмитент қолма-қол ақшасыз тәртіппен жүзеге асырады.
3)	Егер облигацияларды өтеу кезінде сыйақы мен номиналды құнын төлеу Облигацияларды шығару проспектісіне сәйкес өзге мүлктік құқықтармен жүргізілетін болса, осы құқықтардың сипаттамасы, олардың сақталу тәсілдері, бағалау тәртібі және	Облигацияларды өтеу кезінде сыйақы мен номиналды құнын өзге мүлктік құқықтармен төлеу көзделмеген.



көрсетілген құқықтарды бағалауды жүзеге асыруға құқығы бар тұлғалар, сондай-ақ осы құқықтардың ауысуын іске асыру тәртібі келтіріледі	
---	--

11. ҚР «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңының 15 және 18-4 баптарында белгіленбеген облигацияларды сатып алудың қосымша шарттары болған жағдайда:

1)	Облигацияларды сатып алу құқығын іске асыру тәртібі, шарттары	<p>Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес Эмитент облигациялардың айналымы басталған күннен бастап 5 жыл өткеннен кейін ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарда өз облигацияларын сатып алуға құқылы.</p> <p>Мәміле бағасы мәмілелер жасалған сәтте орын алған нарықтық талаптарға қарай айқындалады. Ақшаны төлеу осы облигацияларды ұстаушының банктік шотына аудару арқылы қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырылады.</p> <p>Сатып алынған облигациялар өтелген болып саналмайды және Эмитент оларды қайта орналастыруы мүмкін.</p> <p>Эмитенттің облигацияларды сатып алуы өзге облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын бұзуға әкеп соқпауы тиіс.</p>
2)	Облигацияларды сатып алу құқығын іске асыру мерзімдері	<p>Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған жағдайда, Эмитент осындай шешім қабылданған күннен бастап 60 (алпыс) күнтізбелік күн ішінде сатып алады. Эмитент Директорлар кеңесінің шешімін ол қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитенттің ресми сайттарында (http://www.berekebank.kz), «Қазақстан қор биржасы» АҚ (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийі (www.dfo.kz) сайтында Эмитенттің ішкі корпоративтік қағидаларында, "Қазақстан қор биржасы" АҚ ішкі құжаттарында және Қаржылық есептілік депозитарийінің Интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актіде белгіленген тәртіппен, хабарлама орналастыру арқылы Облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізеді.</p> <p>Облигацияларды ұстаушылар Эмитенттің Директорлар кеңесі облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдағаны туралы ақпараттық хабарлама жарияланған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннің ішінде облигацияларды ұстаушыға тиесілі облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтінішті Эмитенттің орналасқан жерінің мекенжайына жіберуге құқылы.</p> <p>Облигацияларды ұстаушының оған тиесілі облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтінішін Эмитент оны алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде қарастырады.</p> <p>Облигацияларды сатып алуды Эмитент Директорлар Кеңесінің тиісті шешімі жарияланғаннан кейін 60 (алпыс) күнтізбелік күннің ішінде жүзеге асырады.</p>



	<p>Ұстаушылары өздеріне тиесілі облигацияларды сатып алу туралы жазбаша талаптарды қоймаған облигациялар осы проспектісінде көзделген тәртіппен облигациялардың айналыс мерзімі өткеннен кейін өтеледі.</p> <p>Шығарылатын облигациялар субординацияланған берешек болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келесі талаптарға сәйкес келеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> • шығарылған немесе қамтамасыз етілмеген міндеттеме алынған мерзім бес жылдан кем емес мерзімді құрайды • кредиторлар мерзімінен бұрын өтеу немесе қамтамасыз етілмеген міндеттемені орындау туралы талап қоя алмайды • Пруденциалды нормативтер уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген мәндерден төмендеуге әкелмейтін жағдайда, қамтамасыз етілмеген міндеттемені Эмитент бастамасы бойынша мерзімінен бұрын өтеуге немесе орындауға болады • Эмитент таратылған кезде қамтамасыз етілмеген міндеттеме оныншы кезекте қанағаттандырылады.
--	--

12. Егер ҚР «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңында көзделмеген қосымша ковенанттар (шектеулер) белгіленген жағдайда:

1)	Эмитент қабылдайтын және Бағалы қағаздар нарығы туралы заңда көзделмеген ковенанттардың (шектеулердің) сипаттамасы көрсетіледі;	Осы шығарылымның Облигациялары бойынша шектеулер (ковенанттар) көзделмеген.
2)	Ковенанттар (шектеулер) бұзылған кезде эмитенттің әрекет ету тәртібі	
3)	Ковенанттар (шектеулер) бұзылған кезде Облигацияларды ұстаушылардың әрекет ету тәртібі.	

13. Айырбасталатын облигацияларды шығару кезінде қосымша мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1)	Облигациялар айырбасталатын акцияларды орналастырудың бағасын айқындаудың түрі, саны және тәртібі, осындай акциялар бойынша құқықтар	Осы шығарылымның облигациялары айырбасталмайды.
2)	Облигацияларды айырбастау тәртібі мен шарттары (егер облигациялар шығарылымы толығымен айырбасталатын болса, облигациялар шығарылымы айырбастау аяқталған күннен бастап 1 (бір) ай ішінде жойылуға жататыны көрсетіледі, егер облигациялар шығарылымы толық айырбасталмаса, осы шығарылымның сатып алынған облигациялары одан әрі орналастырылуға жатпайтыны, бірақ	



	айналыс мерзімінің соңында өтелетіні көрсетіледі)	
--	---	--

14. Эмитенттің шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамсыздандыруы болып табылатын мүлкі туралы мәліметтер:

1)	Осы мүлктің құнын көрсете отырып шығарылған облигациялар бойынша қамсыздандыруды сипаттау	Осы шығарылымның облигациялары қамтамасыз етілмеген болып табылмайды.
2)	Қамтамасыз ету құнының облигациялар шығарылымының жиынтық көлеміне пайыздық қатынасы	
3)	Кепіл нысанасына өндіріп алуды қолдану тәртібі	

15. Кепілдік берген тұлғаның атауы, орналасқан жері, кепілдік шартының деректемелері, кепілдік мерзімі мен шарттары (егер облигациялар банк кепілдігімен қамтамасыз етілсе) көрсетілген деректері.

Қолданылмайды.

16. Инфрақұрылымдық облигацияларды шығару кезіндегі концессия шартының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекет кепілгерлігін беру туралы қаулысының деректемелері.

Қолданылмайды.

17. Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсаты:

Эмитент қорландыру көздерін әртараптандыру және Эмитенттің ұзақ мерзімді өтімділігін қолдау мақсатында облигациялар шығаруды жүзеге асырады.

Тәртібі: Облигацияларды орналастырудан алынған ақша Эмитенттің қызметін жандандыруға, шағын және орта бизнесті несиелендіруге, сондай-ақ несиелеу бағдарламаларын іске асыру арқылы инвестициялық жобаларды ұзақ мерзімді несиелендіруге және Эмитенттің ұсынылатын қызметтерінің спектрін кеңейтуге бағытталады, бұл белсенді операцияларды да, қор көздерін де барынша әртараптандыруға мүмкіндік береді.

Эмитент облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны бөлу тәртібіне өзгерістер енгізуді жоспарламайды.

18. Айналыс мерзімі өткен Эмитент бұрын орналастырған (Эмитент сатып алған облигацияларды шегергенде) облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен төленетін облигациялар шығарылған кезде осы облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні мен нөмірі, олардың түрі мен саны, сондай-ақ облигациялар шығарылымының көлемі, облигациялар бойынша жинақталған және төленбеген сыйақы сомасы қосымша көрсетіледі.

Қолданылмайды.

19. Облигация ұстаушыға берілетін құқықтар:

1)	Эмитенттен облигацияның номиналды құнының не өзге де мүлктік баламаны алу құқығы, сондай-ақ ол бойынша облигация сыйақысын не облигацияларды шығару проспектісінде белгіленген өзге де мүлктік құқықтарды алу құқығы;	Облигация ұстаушылар келесілерге құқылы: <ul style="list-style-type: none"> – облигацияны өтеу кезінде номиналды құнын алуға, сондай-ақ шығарылым шарттарында белгіленген мерзімде облигацияның номиналды құнының тіркелген пайызын алуға; – облигацияларды еркін сатуға және өзге жолмен иеліктен шығаруға; – өз талаптарын заңнамада және осы проспектісінде көзделген тәртіппен қанағаттандыруға; – белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген ақпаратты алуға;
----	---	---



		<ul style="list-style-type: none"> – Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен Эмитентке қойылатын өз талаптарын қанағаттандыруға; – облигацияларға иелік етуге, пайдалануға және билік етуге құқылы; – Эмитенттің облигациялар бойынша негізгі борыштың сыйақысын және/немесе номиналды құнын төлеу жөніндегі міндеттемелерін орындамаған әрбір күні үшін өсімпұл түріндегі тұрақсыздық айыбын төлеуді талап етуге. Бұл ретте Эмитенттің облигациялар бойынша сыйақы және/немесе негізгі борышты төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындамаған әрбір күні үшін өсімпұл түріндегі тұрақсыздық айыбы міндеттемелерді орындау күніне немесе оның тиісті бөлігіне қолданыста болған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесін негізге ала отырып есептеледі; – Қазақстан Республикасының заңнамасында және «Қазақстан қор биржасы» АҚ талаптарында белгіленген тәртіппен ақпаратты ашуға қосымша ҚЕХС (IFRS) сәйкес дайындалған және осындай қаржы жылы үшін аудиторлық есептермен расталған Эмитенттің орналасқан жеріне жіберілген жазбаша сұраныс бойынша оның қаржылық жағдайы туралы Эмитенттің қаржылық есептілігінің көшірмесін алуға. Ақпарат Эмитенттің ішкі корпоративтік құжаттарына және Қазақстанның қолданыстағы заңнамасына сәйкес ұсынылады; – осы проспектісінде белгіленген жағдайларда барлық Облигацияларды сатып алуға мәлімдеуге; – Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен облигацияларға құқықтан туындайтын өзге де құқықтар. <p>Облигацияларды ұстаушылардың облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуді талап ету құқығы көзделмеген.</p>
2)	Эмитенттің осы құқықты іске асырудың шарттарын, тәртібі мен мерзімдерін көрсете отырып, оның ішінде облигацияларды шығару проспектісінде көзделген ковенанттарды (шектеулерді) бұзған кезде облигацияларды сатып алуды талап ету құқығы	Осы шығарылымның облигацияларын сатып алуды талап ету құқығы Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар нарығы туралы» № 461-ІІ Заңының 18-4 бабына сәйкес көзделмеген.
3)	Өзге құқықтар	Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен Облигацияларға құқықтан туындайтын өзге де құқықтар.

20. Басталған кезде Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялау ықтималдығы бар оқиғалар туралы мәліметтер:

1)	Басталған кезде Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялау ықтималдығы бар оқиғалар тізбесі	<p>Дефолт – Эмитенттің облигациялар бойынша міндеттемелерін орындамауы.</p> <p>Басталған кезде Эмитенттің Облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін жағдай - Эмитенттің осы проспектісінде көзделген негізгі борыштың және (немесе) сыйақыны төлеу мерзімі өткеннен кейін Облигациялар бойынша негізгі</p>
----	---	---



		<p>борыштың және (немесе) сыйақының сомасын төлеу жөніндегі міндеттемелерін толығымен немесе ішінара орындамауы.</p> <p>Егер мұндай төлем және (немесе) толық емес төлем Эмитенттің облигацияларды ұстаушылардың банктік шотының анық емес не толық емес деректемелерін алуының, Эмитенттің сыйақыны және (немесе) номиналды құнын төлеуді жүзеге асыруын не «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ Облигацияларды ұстаушылар тізілімін Эмитентке заңнамада және онымен жасалған шартта белгіленген мерзімдерде ұсынбауының нәтижесі болса Эмитенттің осы проспектісінде белгіленген мерзімдерде облигациялар бойынша сыйақыны және (немесе) номиналды құнын төлемеуі не толық төлемеуі дефолт болып табылмайды.</p>
2)	<p>Облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда Эмитент қабылдайтын шаралар, облигациялар бойынша сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қорғаудың рәсімдері, оның ішінде міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен шарттары</p>	<p>Дефолт басталған кезде Эмитент дефолттың осындай жағдайының туындау себептерін жою және облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету үшін барлық күш-жігерін жұмсайды.</p> <p>Эмитенттің төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге және облигациялар бойынша міндеттемелерді өтеуге бағытталған Эмитент қабылдайтын шаралар кез келген басқарушылық, қайта ұйымдастырушылық, инвестициялық, техникалық, қаржы-экономикалық, құқықтық және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзгелерден тұрады.</p> <p>Дефолт туындаған жағдайда Эмитент облигацияларды ұстаушылардың пайдасына ақшалай міндеттеме немесе оның тиісті бөлігі орындалған күні қолданыста болатын, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесін негізге ала отырып есептелетін мерзімі өткен әрбір күн үшін өсімпұл есептеуге және төлеуге міндетті.</p> <p>Эмитент Проспектісі бойынша міндеттемелерді толығымен немесе ішінара орындамағаны, тиісті түрде орындамағаны үшін, егер бұл орындамаушылық дүлей күш жағдайлары салдарынан пайда болса, жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары деп басталуын болжау немесе алдын алу мүмкін болмайтын мән-жайлар (апатты құбылыстарды, әскери іс-қимылдарды, тыйым салу немесе шектеу сипатындағы уәкілетті органдардың актілерін қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей) түсініледі. Еңсерілмейтін күш жағдайларының туындаған жағдайында, міндеттемелерді орындау мерзімі осындай жағдайлардың және олардың салдарының әрекет ететін уақытқа шамалас жылжытылады.</p>
3)	<p>Облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру жөніндегі ықтимал әрекеттерін, облигацияларды ұстаушылардың эмитентке, эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе субсидиарлық жауаптылықта болатын тұлғаларға қойылатын талаптармен жүгіну тәртібін атап өту, орындалмаған міндеттемелердің көлемі, міндеттемелерді орындамаудың себебі туралы мәліметтерді қамтитын дефолт фактілері туралы ақпаратты Эмитенттің облигация ұстаушыларының назарына жеткізу тәртібі, мерзімі және тәсілдері</p>	<p>Дефолт туындаған жағдайда Эмитент Эмитенттің ресми сайттарында (www.berekebank.kz), «Қазақстан қор биржасы» (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийі (www.dfo.kz) сайтында хабарлама жариялау арқылы Эмитенттің кінәсінен купондық сыйақыны және (немесе) облигациялар бойынша негізгі борышты төлемеген немесе толық төлемеген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінің ішінде дефолт оқиғаларының туындағаны туралы облигацияларды ұстаушыларға хабарлайды, ол мыналарды қамтуы керек: (i) Дефолт фактісі туралы ақпарат; (ii) Дефолт туындаған күнге Эмитенттің орындалмаған міндеттемелерінің көлемі; (iii) Дефолттың пайда болуына әкелген міндеттемелерді орындамаудың себептері; (iv) облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру жөніндегі ықтимал әрекеттерін, соның ішінде эмитентке талаппен жүгіну тәртібі мен мерзімдерін атап өту; (v) Эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған кезде Эмитент қабылдаған шаралар;</p>



		(vi) Эмитенттің шешімі бойынша өзге де ақпарат. Өзге заңды тұлғаға көрсетілген ақпаратты ашу тапсырмасы көзделмеген.
4)	Эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе субсидиарлық жауаптылықта болатын тұлғалармен жасалған шарттың күні мен нөмірі, осы тұлғалардың толық атауы, сондай-ақ олардың мемлекеттік тіркелген күні (мұндай тұлғалар болған кезде)	Эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда Эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе субсидиарлық жауаптылықта болатын тұлғалар жоқ.

21. Облигациялар өтелгенге дейінгі сыйақыларды төлеудің әрбір кезеңі бөлінісінде сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті эмитенттің ақша қаражатының көздері мен ағындарының болжамы:

Облигацияларды өтеу сәтіне дейін сыйақыны төлеудің әрбір кезеңі бөлінісінде сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті эмитенттің ақша қаражатының көздері мен ағындарының болжамы осы проспектісіне №1 қосымшада берілген.

22. Эмитенттің облигация ұстаушыларының өкілі туралы мәліметтер (қамсыздандырылған, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық облигациялар шығарылған жағдайда):

1)	Облигацияларды ұстаушылар өкілінің толық және қысқартылған атауы	Облигациялардың осы шығарылымы бойынша облигацияларды ұстаушылар өкілінің қызметтерін көрсетуге шарт жасалмаған.
2)	Облигация ұстаушылар өкілінің орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері	
3)	Облигацияларды ұстаушылардың өкілімен жасалған Эмитент шартының күні мен нөмірі	

23. Эмитенттің төлем агенті туралы мәліметтер (бар болса):

1)	Төлем агентінің толық атауы	Төлем агенті қарастырылмаған. Облигациялардың сыйақысын және өтеуін төлеуді Эмитент төлем агентінің қызметтерін пайдаланбай дербес жүзеге асырады.
2)	Құнды қағаздар бойынша табысты (облигацияның номиналды құнын) төлеуді жүзеге асыратын төлем агентінің және оның барлық филиалдарының орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері, деректемелері	
3)	Төлем агентімен жасалған шарттың күні мен нөмірі.	

24. Эмитенттің консультанттары туралы мәліметтер (егер Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңына сәйкес қор биржасының ресми тізімінде эмиссиялық бағалы қағаздарды қосу және табу мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсету жөнінде шарт жасасу жөніндегі міндет белгіленген жағдайда):

1)	Эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және табу мәселелері бойынша	Эмитенттің бағалы қағаздарын Эмитенттің қор биржасының ресми тізіміне қосуы және табуы дербес жүзеге асырылатын болады.
----	--	---



	консультациялық қызметтерді көрсететін тұлғаның толық және қысқартылған атауы	
2)	Эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және табу мәселелері бойынша консультациялық қызметтерді көрсететін тұлғаның орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері	
3)	Эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және табу мәселелері бойынша консультациялық қызметтерді көрсететін тұлғамен жасалған Эмитент шартының күні мен нөмірі	

Егер Эмитенттің пікірінше, мұндай мәліметтерді ашу Эмитенттің бағалы қағаздарын сатып алу туралы шешім қабылдау үшін маңызды болып табылса, Эмитенттің өзге консультанттары туралы мәліметтер осы тармақта көрсетіледі.

Эмитенттің өзге консультанттары облигациялар шығару кезінде тартылған жоқ.

Басқарма Төрағасы



А. И. Тимченко



Облигациялар шығарылымының проспектісіне №1 Қосымша

Облигациялар өтелгенге дейінгі сыйақыларды төлеудің әрбір кезеңі бөлінісінде сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті ақша қаражатының көздері мен ағындарының болжамы: Сыйақы төлеу және номиналды құны бойынша негізгі борыш сомасын өтеу Эмитенттің өз қаражаты есебінен қамтамасыз етілетін болады. Болжам Эмитенттің осы облигациялар шығарылымын, сондай-ақ облигациялардың қалған шығарылымдарын орналастырудың жоспарланатын кезеңін ескере отырып жасалды.

млн.теңге										
Дата	2 полугодие 2023 года	2024 год	2025 год	2026 год	2027 год	2028 год	2029 год	2030 год	2031 год	2032 год
Движение денежных средств от финансовой деятельности по выпуску облигаций в пределах третьей облигационной программы										
Поступления от размещения долговых ценных бумаг, в том числе:										
BERKb13	11 506									
Погашение долговых ценных бумаг, в том числе:										
Погашение BERKb11*										
Погашение BERKb12*										
Погашение BERKb13										-40 000
Выплата вознаграждения по долговым ценным бумагам, в том числе:										
вознаграждение BERKb11*										
вознаграждение BERKb12*										
вознаграждение BERKb13	-2	-4	-4	-4	-4	-4	-4	-4	-4	-4
Итого движение денежных средств от финансовой деятельности по выпускам облигаций в пределах третьей облигационной программы										
Потоки	11 504	-4	-4	-4	-4	-4	-4	-4	-4	-40 004
Остаток на начало периода	383 962	395 466	395 462	395 458	395 454	395 450	395 446	395 442	395 438	395 434
Остаток на конец периода	395 466	395 462	395 458	395 454	395 450	395 446	395 442	395 438	395 434	355 430

* BERKb11 және BERKb12 шығарылымдары ағымдағы сәтте орналастырылмаған.

Осы қосымшада келтірілген Эмитенттің ақша ағындарының болжамдары барлық экономикалық және саяси жағдайларды, мемлекеттік реттеудегі өзгерістерді, салық талаптарындағы өзгерістерді (салық ставкаларының өзгеруін, жаңа салық заңдарын және салық заңнамасының түсіндірмесін қайта қарауды қоса алғанда), сот және төрелік талқылаулардың нәтижелерін, пайыздық мөлшерлемелердің, айырбас бағамының және басқа да нарықтық жағдайлардың өзгеруін қоса алғанда дұрыс емес немесе дәл болмауы мүмкін және әртүрлі факторларға, болжамдарға, бағалауларға немесе әдістерге байланысты өзгеруге жатады. Эмитент жаңа ақпараттың, болашақ оқиғалардың немесе өзге де негіздердің пайда болуы салдарынан осы қосымшада ашылатын қандай да бір болжамды деректерді жанартуға немесе қайта қарауға міндетті емес және ниетті емес.

